

**"Ішкі істер органдарының қызметкерлерін қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз ету, тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидаларын, сондай-ақ тұрғын үй төлемдерін алуға құқығы бар ішкі істер органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 524 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 23 мамырдағы № 396 қаулысы.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз**

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ішкі істер органдарының қызметкерлерін қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз ету, тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидаларын, сондай-ақ тұрғын үй төлемдерін алуға құқығы бар ішкі істер органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 524 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін :

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 101-11-бабына және "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулымен бекітілген ішкі істер органдарының тұрғын үй төлемдерін алуға құқығы бар қызметкерлері лауазымдарының санаттарында:

"1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің орталық аппараты" деген тармақта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Криминалдық полиция департаменті, Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаменті, Экстремизмге қарсы іс-қимыл департаменті, Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаменті, Тергеу департаменті, Жедел-криминалистикалық департамент, Өзіндік қауіпсіздік департаменті, Арнайы және жұмылдыру даярлығы департаменті, "Интерпол" ұлттық орталық бюросы, Жедел басқару орталығы";

мынадай мазмұндағы он төртінші және он бесінші абзацтармен толықтырылсын:

"ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспектор;

аға инспектор;"

мынадай мазмұндағы отыз үшінші абзацпен толықтырылсын:

"кезекші бөлімнің жедел кезекшісі";

"2. Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті" деген тармақ мынадай мазмұндағы отыз төртінші, отыз бесінші және отыз алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

"Кадр саясаты басқармасы

кәсіптік даярлық тобының бас маманы;

кәсіптік даярлық тобының аға инспекторы";

"3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы ұйымдар ( мемлекеттік мекемелер)" деген тармақ:

мынадай мазмұндағы отыз жетінші және отыз сегізінші абзацтармен толықтырылсын:

"кәсіптік қызметтік және дене даярлығы жөніндегі аға инспектор;

кәсіптік қызметтік және дене даярлығы жөніндегі инспектор";

мынадай мазмұндағы алпыс бесінші, алпыс алтыншы және алпыс жетінші абзацтармен толықтырылсын:

"Кадр саясаты бөлімі (бөлімше, топ)

кәсіптік қызметтік және дене даярлығы жөніндегі аға инспектор;

кәсіптік қызметтік және дене даярлығы жөніндегі инспектор";

мынадай мазмұндағы жүз қырық бірінші, жүз қырық екінші және жүз қырық үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"Кадр саясаты бөлімі (бөлімше, топ)

кәсіптік қызметтік және дене даярлығы жөніндегі аға инспектор;

кәсіптік қызметтік және дене даярлығы жөніндегі инспектор";

"4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің аумақтық органдары" деген тармақта:

жиырма сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Криминалдық полиция, ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес, есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл, экстремизмге қарсы іс-қимыл, тергеу, анықтау, жедел-криминалистикалық, өзіндік қауіпсіздік, арнайы және жұмылдыру даярлығы қызметтері";

отызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"басқарма, бөлім, бөлімше бастығының орынбасары";

мынадай мазмұндағы елуінші, елу бірінші және елу екінші абзацтармен толықтырылсын:

"ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспектор;

аға инспектор;

инспектор";

мынадай мазмұндағы жүз жиырма алтыншы және жүз жиырма жетінші абзацтармен толықтырылсын:

"кадр, кәсіптік қызметтік және дене даярлығы тобының аға инспекторы;  
кадр, кәсіптік қызметтік және дене даярлығы тобының инспекторы;"

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК